QAZAQSTAN RESPÝBLIKASY
ÁDILET MINISTRLIGI

МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Nur-Sultan qalasy,
«Mınıstrlikter úıi», Máńgilik El dańǵyly, 8
tel. 8 (7172) 74-07-97, faks: 8 (7172) 74-09-54
e-mail:kanc@adilet.gov.kz

010000, город Нур-Султан,
«Дом министерств», проспект Мәңгілік Ел, 8
тел.8 (7172) 74-07-97, факс: 8 (7172) 74-09-54
e-mail: kanc@adilet.gov.kz

_____№_____

Атырау облысы
Индер ауданы
Индербор кенті
әкімінің аппаратына

Мемлекеттік органдардың интранет-порталына *(ПИ-82355)* келіп түскен Атырау облысы Индер ауданы Индербор кенті әкімінің 2022 жылғы 5 сәуірдегі № 43 «Индербор кенті аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы» шешімі мемлекеттік тіркеуден өткендігін хабарлаймыз.

Әділет министрлігі тіркелген күні: 06.04.2022 жыл
№ 27461 тіркелген.

Вице-министр **Н. Пан**

А.Таңірберген
55-87-14

АТЫРАУ ОБЛЫСЫ
ИНДЕР АУДАНЫ
ИНДЕРБОР КЕНТІНІҢ
ӘКІМІ

АКИМ
ПОСЕЛКА ИНДЕРБОР
ИНДЕРСКОГО РАЙОНА
АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ

ШЕШІМ **РЕШЕНИЕ**

20 22 жылғы 05.04 № 43

Индербор кенті аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 37-бабының 3-тармағына, Қазақстан Республикасының «Азаматтық қорғау туралы» Заңының 4-бабының 3-тармағы 2) тармақшасына және 48-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сыныптамасын белгілеу туралы» 2014 жылғы 2 шілдедегі № 756 қаулысына сәйкес **ШЕШТІМ**:

1. Индербор кенті аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялансын.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Индербор кенті әкімінің орынбасары А.Габдуллинге жүктелсін.
3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Лауазымы **Аты-жөні**